

ыдырағаннан кейін кеңестік интернационализммен болған оқиғаны еске түсіруге тұрарлық емес деп ойлаймын.-дейді.

Еуразиядағы ең көпұлтты елдердің бірі – тәуелсіз Қазақстанда дүниеге келген ұлттық қоғамдық бірлестіктер этносаралық келісім идеясына жаңа көзқарастың үлгісі болып табылады. Жаңа, өйткені ғасырдың соңғы онжылдығында бәріміз бейбітшіліктің шынайы құндылығын білдік.

Қазақстандық «Мицва» қауымдастығы 1992 жылы құрылған. Сонымен қатар басқа да мәдени орталықтар құрылды. Бүгін біз бәріміз Қазақстан халықтарының Ассамблеясымыз.

Бұл шын мәнінде ұлттық қозғалыстардың дамуы үшін саяси емес, моральдық, өркениетті негіз болып табылатын ұйым. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып бірігу қажеттілігін түсінді, бірінші болып шағын диаспораларға баламалы болу мүмкіндігін берді. Бұл үлгіні кейін ТМД-ның басқа елдері де ұстанды [3, 32 б.].

Қазақ халқының кең пейілділігінен, тағдырдың жазуымен осынау қатал жағдайда өлкеге аттанған әрбір жанға құшақ жая есік ашқан, қазақ халқының мінезінен халықтар арасындағы достық туындап отыр. Өйткені, әр өлкеден өз еркімен, өз ерікінсіз көшіп келген адамдар қаншама. Алғашқы зерттеушілер, қоныс аударғандар немесе қуғын-сүргін құрбандары болған жандар, бүгінде Қазақстанда біртұтас, отбасы ретінде бірге өмір сүруде. Қазақтың байырғы жері ежелден түрлі себептермен – көптеген халықтардың тарихи, саяси, әлеуметтік өкілдерін қабылдап келгенін тарих дәлелдеді.

Осыдан бірнеше ғасыр бұрын қазақ даласында еркін адамдар пайда бола бастады. Мұнда бос жер іздеп, патша империясының шекарасын қорғауға шақырған орыс шаруалары мен казактары қоныстанды. Өткен ғасырдың өзінде ұйғырлар мен дүнгендердің үлкен көші-қоны болды. Столыпіндік реформалар кезінде қазақ даласына бақытты өмір сүру үшін орыс, украин, белорус, болгар, поляк иммигранттарының үлкен толқыны қоныс аударды. Бұл дегеніміз қазақ халқының ерекше қонақжайлығының көрінісі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маркус К., Бейменбетов С., Абдираимова Г., Бурханова Д., Серикжанова С., Шарипова Д., Касымова Д., Шаповал Ю. Сосуществование этнических групп в Казахстане.- Алматы., 2017-2018.
2. Дымов О. Мы, народ Казахстана.- Астана., 2004.
3. Барон А.И. История. Память. Люди. Материалы IX Международной научно-практической конференции. Алматы., 2019.

## **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРЫЛУЫНДАҒЫ АССАМБЛЕЯНЫҢ РӨЛІ**

Самбулатова М.Н.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Туякова А.Е.

«ESIL University» мекемесінің университеті

Электрондық адресі: [madinasambulatova651@gmail.com](mailto:madinasambulatova651@gmail.com)

Астана қ.

Қазақстан халқы Ассамблеясы - 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды.

2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды.

Ассамблеяның негізгі міндеттері:

1. Этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

2. Халық бірлігін нығайту;

3. Қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;

4. Азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

5. Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

6. Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

Ассамблея құрылымы. Қазақстан Республикасының Президенті Ассамблеяны құрады және қайта ұйымдастырады, Ассамблея қызметінің бағыттарын айқындайды, Ассамблея басшылығының лауазымды адамдарын қызметке тағайындайды.

Ассамблеяның құрылымын Ассамблея Сессиясы, Ассамблея Кеңесі, Ассамблея Хатшылығы, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары құрайды [1, 156 б.].

Ассамблея Сессиясы – Ассамблея мүшелерінің жиналысы Ассамблеяның жоғары басқарушы органы болып табылады. Сессияны Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады.

Қазіргі уақытта Ассамблея құрамында 394 мүше бар. Ассамблеяның парламенттік өкілдігі болып табылады.

Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі этностық топ өкілдері мүдделерін жоғары заң шығару органында – ел Парламентінде білдіру болып табылады.

Конституцияға 2007 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлаған Парламент Мәжілісінің 9 депутаты, елдегі барлық этностардың мүддесін білдіреді. Ассамблеядан сайланған депутаттар заң шығарушылық процесіне белсенді қатысып, заң шығарушылық бастамашылық құқығын жиі пайдаланады.

2021 жылғы Қ.К. Тоқаевтың халыққа жолдауында «Кейінгі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы әртүрлі этникалық топтарды қорғауға және олардың мүдделерін ілгерілетуге бағытталған деген пікірлер жиі айтылады. Бірақ бұл – еліміздегі оның мәні зор екеніне берілген біржақты түсінік. Шын мәнінде, Ассамблея ұлт бірлігін нығайтудың нақты құралына айналды және барлық азаматты ортақ мемлекеттік идеясының төңірегіне жұмылдыра алды [2].

Ассамблеяны құрудың арқасында өте күрделі проблеманың – этникалық мәселені саясиландырудың алдын алу тетіктері пайда болды, – деп айтқан болатын. Бұл сөзімен Қ.К. Тоқаев Ассамблеяның рөліне баса назар аударын отырғанын айтқысы келді. Себебі этникалық факторлар мен ұлтаралық қатынастар дұрыс жүргізілмесе үлкен қақтығыстар, халықаралық шиеленістерге алып келуі мүмкін.

Қазақстанда 100-ден аса ұлттар мен ұлыстар өмір сүреді, олардың тілі мен діні әртүрлі болғандықтан ұлттық және діни алауыздықтар туындамау үшін мемлекеттік идеология барлық ұлттар мен ұлыстарға бірдей жүргізіліп келеді. Еліміздегі барлық ұлттар өз ана тілінде білім алуға құқылы және оған мүмкіндік жасалған. Ұлттар мен ұлыстар өздерінің төл мәдениетін болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында түрлі іс-шаралар арқылы көрсетіп дәріптей алады.

Қалалық ассамблея мемлекеттік тілді насихаттау, қолдану аясын кеңейту бағытында жан-жақты жұмыстар жүргізуде. 2019 жылдан бастап Достық үйінде этномәдени бірлестіктердің өкілдеріне арналған қазақ тілі кабинетінің жұмысы ұйымдастырылды. Жылсайын 30 адамға дейін сертификат алады. Сонымен қатар, «Мәмиле» пікір талас ауызекі қазақ тілі клубының жұмысы жалғасуда. Сабақтар ай сайын өткізіледі, клубтың оқушылары

этно-мәдени бірлестіктердің мүшелері, барлығы елорда тұрғындарынан келген тілек білдірушілер.

Мемлекеттік тілді меңгерген этно мәдени бірлестіктердің өкілдері арасында «Қазақтың ұлттық мұрасы» атты қазақтың салт-дәстүрін білуге арналған жыл сайынғы байқау өткізіледі.

2022 жылдың 7 қыркүйегінде Достық үйінде көрнекті қоғамқайраткері, түркітанушы, тіл жанашыры, ақын, аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы аясында «Ахмет Байтұрсынұлы – дәуірдің дара тұлғасы» атты жалпы қазақстандық диктант өтті.

Этникалық топтардың тілдері мен мәдениетін дамыту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде: бюджет есебінен 10 этнолингвистикалық орталықтың қызметі, Оқушылар сарайындағы оларды қаржыландыру қарастырылған [3].

Қазіргі таңда, 23 ЭКО, 56 шығармашылық ұжым жұмыс істейді, 16 көркемдік жетекші Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ ұжымына таныстырылды.

Жыл сайын қалалық мәслихаттың жұмыс жоспарында мемлекеттік мерекелер: Наурыз, күймақ аптасы, Сабан той Рождество Чусок. Достық үйінде қаланың ҚХА құрамына кіретін барлық ЭКО үшін бөлмелер қарастырылған, этностардың халықтық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін паштетініс-шараларды өткізуге жағдай жасалған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы қазандағы Қазақстанхалқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасын іске асыру мақсатында Достық үйінің қызметі ресурстық-ақпараттық-әдістемелік орталық болып қайта форматталды. Халықаралық және аймақ аралық ынтымақтастық үшін.

Осылайша, ЭКО-ның шығармашылық ізденістерін қолдаудың өзекті қажеттілігін ескере отырып, 2019 жылы бюджет есебінен дыбыс жазу студиясы құрылды, ол белсендіруге және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыру болды.

«Тағдыр» фильмі аясында этностардың көрнекті өкілдері, елорданың дамуына зор үлес қосқан еңбек адамдары туралы бейнероликтер үздіксіз түсіріліп тұрады. Ұсынылған тұлғалардың әңгімелері Қазақстан халқы Ассамблеясының идеяларын насихаттауға үлес қосады.

Қалалық ҚХА жұмысы БАҚ және әлеуметтік желілерде, Facebook, Instagram парақшаларында, YouTube арнасында белсенді түрде көрсетілуде. Сонымен қатар, әрбір ЭКО-ның әлеуметтік желілерде тіркелген парақшалары бар, олар да мәдени орталықтардың қызметін де, жалпы Ассамблея қызметін де белсенді қамтиды.

Достық үйінде ақпараттық саясатты құрылымдау мақсатында Блогерлер клубы мен Журналистер клубын біріктіретін Медиа орталық құрылды. Оның кездесулеріне елге және әлемге танымал блогерлер шақырылады, арқылы әлеуеті Қазақстан Республикасының ұлттық саясатымен сәтті түсіндіріледі.

2022 жылы қалалық мәслихаттың қызметін қамту мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында 6578 материал, оның ішінде қалалық «Астана ақшамы» және «Кешкі Астана» газеттерінде – 265, қалалық сайтта – 244, республикалық интернет-ресурстарда – 632 материал жарияланды. республикалық газеттер – 103, теледидар – 240, радио – 9, YouTube арналары – 495.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Егемендіелдің 30 танымал тұлғалары» жобасы аясында 347 елорда жастарының өкілдері, ғалымдар қамтылған бірқатар тікелей эфирлер ұйымдастырылды [4].

Ғылыми қоғамдастық пен, Ғалым-сарапшылық пен тығыз байланыс бар тобы, Қоғамдық келісім кеңестері, Аналар кеңесі, елорданың жоғары оқу орындарының ҚХА бөлімшелері, ҚХА қызметін халықтың әртүрлі топтарында ақпараттық дамытуды және насихаттауды қамтамасыз етеді.

Ғылыми-сараптамалық топ мүшелері этнос аралық тақырыпта 3 ғылыми мақала жариялады, 2021 жылға арналған социологиялық зерттеу нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды дайындады, Қазақстан, Қырғызстан және Украина арасындағы ынтымақтастық тақырыбына 2 мақала ғылыми журналдарда жарияланды.

Қазіргі уақытта Достық үйінің базасында Аналар кеңесі «Мәдениетана – мәдениетті ұлт» бірыңғай тұжырымдамасына енген 4 жобаны жүзеге асыруда: «Керемет жол» отбасылық ат спорты клубы, балаларға арналған этникалық лагерь» Айналайын», «Қапсырма» қазақ тәжірибеліктігін ательесі, шеберханасы бар.

Сонымен қатар, төмендегідей Астана қаласы этномәдени бірлестіктері жұмыс жасайды:

- 1.«Возрождение» немістер қоғамы» қоғамдық бірлестігі
2. «Ватра» украин қоғамы» қоғамдық бірлестігі
3. «Астана қаласының корей этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі
4. «Таң» татар-башқұрт мәдени бірлестігі
5. «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі
6. «Алеф» еврей мәдени-ағарту қоғамдық-саяси қоғам» қоғамдық бірлестігі
7. «Поляки» қоғамдық бірлестігі
8. «Ван» армян қоғамы» қоғамдық бірлестігі
9. «Хазар» әзірбайжан қоғамдық бірлестігі
10. «Беларусь» қоғамдық бірлестігі
11. «Лад» республикалық славян қозғалысының филиалы
12. «Оберег» украиндар қоғамы» қоғамдық бірлестігі
13. Қазақстан ұйғырлары республикалық мәдени орталығының филиалы
14. «Дүнген мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі
15. «Парвиз» тәжік қоғамдық бірлестігі
16. «Кыргызстан-Астана» қоғамдық бірлестігі
17. «Ахыска» түрік мәдени бірлестігі» қоғамдық бірлестігі
18. «Астана қаласының өзбек этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі
19. Дала өлкесі казактар одағының
20. «Ноғай мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі
21. «Колхети» «Грузин қоғамдық мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі
22. «Барбанг» ҚР күрдтер қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің
23. «Злата» «Болгар мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі
24. Астана қаласының «Түркімен қоғамдық-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі

Қолданбалы өнер «Халық шеберлері». Олар сондай-ақ халық қол өнері мен бала тәрбиесінің ұлттық ұстанымдарын насихаттау арқылы ҚХА ақпараттық саясатын дамытуға үлес қосуда.

Қалалық мәслихат жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік ұлттық саясатты іске асырудағы қызметін үйлестіруші болып табылады, тиісінше, өз өкілеттіктер ішегінде қалалық әкімшіліктермен өзара іс-қимыл жасайды. Атап айтқанда, білім басқармасымен бірлесіп, 10 этно-лингвистикалық орталықтың (жексенбілік мектептер) қызметі ұйымдастырылып, онда достық сабақтары өткізілуде, «Мың бала» ҚХА мәдени-ағартушылық жобасы жүзеге асырылуда, фестиваль «Алтын күн» балалар патриоттық әні, Қазақстан халқы ассамблеясының күндері тренингте өтуде.

Қала мекемелері, мектеп медиациясы жұмыс істейді, ұлт аралық келісімді нығайту бойынша кешенді шаралар жүргізілуде. Достық үйінде оқушыларға және студенттерге арналған экскурсиялар дәстүрге айналды.

2018 жылдан бастап Достық үйінде «Парасат» қайырымдылық үйлестіру орталығы ұйымдастырылып, олар қылы мұқтаж жандарға көмек көрсетілуде. Орталықтың жұмысы әртүрлі этнос өкілдерін, сондай-ақ елорда тұрғындарын қамтитын жүйелі.

2021-2022 жылдары 60 млн теңгеге 70 қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға үнемі қолдау көрсетілуде [5].

Қалалық ҚХА-ның гуманитарлық көмегі Қарағанды облысы, Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласы, Мақтаарал ауданы, Түркістан облысының Арыс қаласына, Жамбыл облысының Қордай ауданына су тасқынынан зардап шеккендерге жөнелтілді.

Қостанай облысындағы өрттен зардап шеккендерге жалпы құны 14 млн теңгеге 40 тонна ең қажетті тауарлар жөнелтілді.

«Парасат» орталығының қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді түрде көрсетілуде. Қайырымдылық белсенділері Қазақстан халқы Ассамблеясының марапаттарымен нынталандырылып, ҚХА-ның «Жомарт жан» төс белгісімен марапатталады. Қалалық мәслихат жанынан «Жастар ассамблеясы» ҚБ өкілдігі құрылды.

Жастар қанатының мүшелері қоғамдық келісім мен толеранттылықты нығайтуға бағытталған волонтерлік қозғалысты дамыту, қайырымдылық, мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыруда белсенді жұмыстар атқаруда.

Жыл сайын келуші «Жастар жолы» жастар мектебінің жұмысы ұйымдастырылып, онда көшбасшы жастар көшбасшылық дағдыларына, жан-жалдар дыбас қарудағдыларына үйретіледі.

Студенттерді ҚХА қызметін ғылыми қамтамасыз етуге тарту мақсатында студенттік жұмыстар байқауы ұйымдастырылды.

18 қазан Ассамблея күндері аясында Қазақстан халқы Астаналық Ассамблеясының ұйымдастырумен Республика күні қарсаңында «Есіл университетінің студенттері мен кездесу өтті. Кездесуді жоспарлап дайындаған әлеуметтік- тәрбие жұмысының проректоры Туякова Айжан Есенкуловна және Самбулатова Мадина. Бағдарлама басталмас бұрын студенттерге арналған кішігірім кітап көрмесі өткізіле отырып, барлығы қалалық Ассамблеяның қызметімен танысып отырды. Шараны ашқан университеттің әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Айжан Есенкуловна Қазақстан халқы қалалық ассамблеясымен ынтымақтастықтың маңыздылығын айта келе, бірлік, ұлтаралық келісім Тәуелсіз Қазақстанның іргелі іргетасы екеніне тоқталды. Кездесу барысында елордалық ҚХА өкілі қаланың ҚХА қызметкері ,оның құрылымы туралы айттып өтті, сондай-ақ астаналық Достық үйі өңіраралық және халықаралық ынтымастықтың ресурстық, әдістемелік орталығы болып табылатынның мақтанышпен жеткізді. Жастар ассамблеясы ҚБ Астана қаласындағы өкілдігінің төрайымы Юлия Лагуткина ҚХА жастарының іс-шараларына кеңінен тоқтала отырып, жүзеге асырылып жатқан жобаларға тоқталды. Жастар алдында сөйлеген сөзінде ол жастардың бастамаларын қолдап,елорданың қоғамдық өміріне белсенді қатысуға барша студенттерімізді шақырды [6].

Шара соңында Астана қаласы ҚХА шығармашылық ұжымдарының қатысуымен концерттік бағдарлама ұсынылды.

Сондай-ақ университетіміздің табалдырығында жыл сайын ұлттар күні өткізіліп жатыр. Мереке барысында әр ұлттардың салт-дәстүрлерін, оған қоса дәстүрлі тағамдарын әзірлеп, мереке барысында үстелге ұсынылады. Университетімізде көптеген шетелдік студенттер оқысада біздің студенттеріміз бір-біріне туған бауырластай қарай отырып, көмек беруде.

Астана қаласындағы жастарға арналған жексенбілік мектептері өз жұмыстарын жүргізуде:

1. Неміс жексенбілік мектебі
2. Дала өлкесі казактарының жексенбілік мектебі
3. Корей жексенбілік мектебі
4. Поляк жексенбілік мектебі
5. Армян жексенбілік мектебі
6. Татар-Башқұрт жексенбілік мектебі
7. «Ватра» украин жексенбілік мектебі
8. «Оберег» украин жексенбілік мектебі
9. Әзербайжан жексенбілік мектебі
10. Шешен-Ингуш жексенбілік мектебі
11. Қырғыз жексенбілік мектебі

Қорытындылай келгенде сонау ата-бабаларымыздың кездерінен бастау алған қазақ ұлттының қонақ жайлығы жалғаса бермекші. Қазақстанды мекен еткен барша халық үшін ынтымақтан, бірлік пен татулық-тан, тұрақтылықтан қымбат нәрсе жоғына көзіміз жетті. Қазақ халқымызда «Ырыс алды –ынтымақ», «Тату үйге тақсірет жоламайды» деп бекер айтылмаса керек. Қазақстан –біздің ортақ үйіміз! Береке мен бірлікке, қуаныш пен сал-танатқа толы үй қай кезде де қымбат болатыны даусыз. Осының негізін құрылып алға қарай жалғастыратын жаңа президентіміз Қ.К.Тоқаев пен біз жалынды жастар. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы өзінің бірлігін сақтауға, нығайтуға тиіс. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана Жаңа Қазақстанды құра аламыз деп есептейді.

«Біз барлық жоспарымызды міндетті түрде жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз» Қ.К.Тоқаев сөзімен жігерлей отырып, осымен аяқтауға шешім қабылдадым. Алға қойған мақсаттармызды, жобаларымызға қолдау көрсетсе, әрбір Қазақстан жерінің тұлғасы, яғни жастары мүмкіндіктерінше Қазақстанымызды өркендетуге күш-қайраттарын жұмсайды деген үміттемін. Ең бірінші мен Самбулатова Мадина өзімнен бастау алмақшымын және алдағы уақыттары мен өзімнің айналамдағы жандарға, өз еліме қолымнан келгенше қызмет етуге уәде беремін. Біз біргеміз! Жаңа Қазақстан алға!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Касым-Жомарт Тоқаев Преодоление дипломатические очерки казахстанского министра Москва. 2003. 410б.
2. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000070\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000070_)
3. <https://elbasy.kz/kk/kazakstan-khalky-assambleyasy>
4. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kazakstan-halky-assambleyasy-kenesinin-keneytilgen-otyrysyn-otkizdi-2195018>
5. Касым-Жомарт Тоқаев Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. Москва. 2003. 463с.
6. Зайниева Л.Ю. Мемлекеттік жастар саясаты Қазақстан әлемдік тәжірбе тұрғысында. Алматы.2010
7. <https://dknews.kz/ru/dk-life/256630-den-assamblei-sostoyalsya-v-esil-university>

## ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ТАДЖИКСКИЙ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ ЦЕНТР «ПАНЖ»

Худайкулова Л.М.

Научный руководитель: Утебаева А. Д.

Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова

khudaikulova.laylo@mail.ru

г. Караганда

Таджики – древний иранский народ, предками которого является ряд племён, издавна населяющих территории Казахстана, Таджикистана, Узбекистана и Афганистана. По данным ООН таджики являются вторым многочисленным народом Средней Азии. Их численность превышает 20 миллионов, и большинство из них - хранители старинной культуры.

История таджикской диаспоры на территории современного Казахстана началась относительно недавно. В 1920-х и 1930-х годах советская власть перевозила сюда несколько тысяч таджикских рабочих с семьями в надежде поднять местное оросительное земледелие. Они были перемещены в район современного (Туркестанской области) Сарыагашского, Мактааральского района, потому что климат был очень подходящим для